«Алтын белгі» белгісіне үміткерлердің казак/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан жұмыстарын тексеру жөніндегі

**Хаттама**

Қазақстан Республикасы Ақмола облысы

„Ақмола облысы білім басқармасының "Степногорск
(қала (ауыл) атауы)

қаласы дарынды балаларға арналған №4 облыстық
(аудан атауы)

мамандандырылған „Болашақ" мектеп-интернаты" КММ-сі
(мектептің атауы)

«Алтын белгі» белгісіне үміткерлердің қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан жұмыстары____ сағат.______ мин. келіп түсті. Емтихан материалдары осы хаттамаға қоса беріледі.

«Алтын белгі» белгісіне үміткерлердің қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан жұмыстарын тексеру қорытындысы бойынша келесі баға қойылды:

| № | Емтихан тапсырушының аты-жөні | Жазбаша жұмысқа қойылған балл | Емтихан бағасы (жазбаша) |
|---|---|---|---|
| 1 | Турсынмуратова Алма | 37 | 5(өте жақсы) |
| 2 | Әлібек Аружан | 37 | 5(өте жақсы) |
| 3 | | | |
| 4 | | | |
| 5 | | | |
| 6 | | | |
| 7 | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | | | |
| 9 | | | |
| 10 | | | |

Жекелеген білім алушылардың алған бағалары туралы емтихан комиссиясы мүшелерінің ерекше пікірлері:_______________________________________________

_______________________________________________

Емтихан өткізу күні «_____»____________20__ ж.

Хаттамаға бағаны енгізу күні «____» ____________ 20__ ж.

**Комиссия төрайымы** Дүйсенова Б.Б _______ қолы
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Комиссия мүшесі Сулейменова Ә.Т _______ қолы
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Комиссия мүшесі Құрманғалиева Л.С _______ қолы
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Комиссия мүшесі Түтқабаева Б.Ж _______ қолы
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Комиссия мүшесі Кожахметова С.Т _______ қолы
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Комиссия мүшесі Хасенова М.Б. _______ қолы
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Комиссия мүшесі Әбілхаирова Ж.Ж. _______ қолы
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Комиссия мүшесі Тәйтенова С.Ө. _______ қолы
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Комиссия мүшесі Сеитов О.М. _______ қолы
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

## Тексеру парағы

| | |
|---|---|
| Оқушының аты – жөні | Нурсымуратова Аида |
| Аудан (қала), мектеп | Степногорск қаласы №4 „Бөгенбай" ОДБМИИ ҮСИМ |
| Эссе тақырыбы, эсседегі сөздер саны | „Ұят сезімі - мінезді бала-шаның негізі" 241 сөз |
| Баллы | 37 балл. |
| Бағалары (жазбаша жазу) | 5/өте жақсы/ |
| Тексеруші мұғалімнің аты-жөні | Ахметжанова Ботагөз Хаметовна |

Мөрдің орны

**Қорытынды аттестаттау емтихан материалдары**
**Пән:** «Қазақ тілі» пәні (оқыту қазақ тілінде)
**Бағыты:** жаңартылған білім мазмұны бойынша жаратылыстану-математикалық
**Білім беру ұйымының атауы:** № 4 „Болашақ" ОББМ КММ
**Сынып:** 11 **Литер:** Э
**Білім алушылардың аты жөні** Тұрымұратова Аида

**1-бөлім**

**1-тапсырма**

Әр сұраққа төрт: **A, B, C** және **D** жауабы берілген. Дұрыс деген **бір** жауапты таңдап, тиісті ұяшыққа қанатша (✓) белгісін қойыңыз.

**Мәтін үзіндісін оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Ядролық энергетика қазіргі уақытта ең перспективті жоба деп қарастырылады. Адамзаттың XXI ғасырдағы тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде және энергетикалық сұраныстарды қанағаттандыруда ядролық энергетика айтарлықтай үлес қосуы тиіс. АЭС-ті салудың бір артықшылығы – олардың орнын ресурс алынатын орынға қарай тәуелсіз таңдауға болады, себебі отын мөлшері аз болғандықтан, тасымалдау көп шығынға әкелмейді. Мөлшері жағынан 0,55 кг ядролық отыннан алған энергия 1000 тонна таскөмірді жаққандағы энергияны беретінін ескерсек те жеткілікті.

Көптеген елдердің көпжылдық тәжірибесі АЭС-ті қолдануда олардың қоршаған ортаға кері әсері көп болмайтынын көрсетеді. 1998 жылдары АЭС-ті қолдану мерзімі орташа жиырма жыл деп есептелген. Қалыпты жұмыс істейтін АЭС-тің қоршаған ортаға бөлінетін радиоактивті элементтер қалдығы өте аз болады. Қуаты дәл сондай ЖЭС-пен салыстырғанда, олардың мөлшері орта есеппен 2-4 есе аз. Чернобыль апатына дейін сол кездегі Кеңес Одағында тек АЭС-те ғана өндірістік жарақат алу дәрежесі төмен болған. Отыз жыл аралығында болған апаттарда 17 адам қаза тапқан, олардың қазасына радиация себеп болмаған. Ал 1986 жылдан кейін ең басты экологиялық қауіп АЭС-те болатын апат мүмкіндігімен байланыстырылды. Қазіргі АЭС-те мұндай қауіптің болу мүмкіндігі аз, бірақ сонда да оны үзілді-кесілді болмайды деу қиын.

Чернобыль АЭС апатының салдары 20 мемлекеттің территориясын қамтыған, радиусы 2 мың км-ден артық территория радиоактивті ластануға ұшырады. Бұрынғы Кеңес Одағы шекарасындағы 17 млн адам өмір сүретін 11 аймақ зардап шекті. Осы апаттан кейін көптеген мемлекеттерде жұртшылықтың талабы бойынша АЭС құрылысының бағдарламасы уақытша тоқтатылды, бірақ атомдық энергетиканың дамуы әлі де 32 елде жалғасуда.

Қазір ядролық энергетиканың тиімділігі мен тиімсіздігі туралы талас бәсеңдеді. Көміртегінің қос тотығы мен басқа да органикалық отын секілді жану өнімдерінің атмосфераны ластауына жол беруге болмайтынын әлем түсінді. Бұл қорытынды мына фактілерге негізделген: АЭС-тен энергия алу жылу электр станцияларында органикалық отын мөлшерін төмендетеді, соның нәтижесінде Жер атмосферасын 2300 млн тонна көмірдің қос тотығының, 80 млн тонна күкірт диоксиді мен 35 млн тонна азот оксидтерінің жылдық қалдықтарынан қорғайды. Бұндай қауіпті заттарды атмосферадан бөлу және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін болмас еді. Оған нақты мысал келтірсек, Швецияда Барсебек-1 атом станциясының жабылуынан Швеция соңғы 30 жылда электр энергиясын Даниядан тасымалдады. Оның экологиялық салдары мынадай: Данияның көмір электр станцияларында Ресей мен Польшадан қосымша алынған 350 мың тонна көмір жағылғандықтан, көмірдің қос тотығының жылына 4 млн тоннаға өсуіне

әкелді және Швецияның оңтүстік бөлігінде қышқыл жауын мөлшері біршама артып, табиғатқа зиянын тигізді.

Қазір әлемдегі барлық жұмыс істейтін АЭС-ті ЖЭС-пен алмастырса, онда әлемдік экономикаға, бүкіл планетамызға және әрбір жеке адамға орны толмас залал келтірер еді.

1. Мәтін не туралы?

A Атом электр станцияларының құрылысын салатын жерді таңдау туралы.

B Чернобыль апаты салдарынан зардап шеккен мемлекеттердің саны туралы.

C Жылу электр станциясынан бөлінетін қалдықтардың мөлшерінің аздығы туралы.

D Атом электр станциясының жылу электр станциясынан пайдалы екендігі туралы.

A ☐ B ☐ C ☐ D ☑ [1] 1б

2. АЭС құрылысын салудың артықшылығы туралы баяндалған абзацты көрсетіңіз.

A бірінші

B екінші

C үшінші

D төртінші

A ☑ B ☐ C ☐ D ☐ [1] 1б

3. Экологиялық қауіптің ЖЭС-пен байланыстылығы туралы айтылған абзацты табыңыз.

A бірінші

B екінші

C үшінші

D төртінші

A ☐ B ☐ C ☐ D ☑ [1] 1б

4. Үшінші абзацтағы Чернобыль апатына қатысты ақпараттың мақсаты қандай?

A атом электр станциялары жұмысының қауіптілігін жариялау

B атом электр станцияларынан болатын апат салдарын көрсету

C жылу электр станцияларының салыстырмалы әсерін талдау

D ядролық қуат көзінің тиімділігіне сенімнің артуын анықтау

A ☐ B ☑ C ☐ D ☐ [1] 1б

5. Адамзаттың ядролық қуат көзін экологиялық қауіп ретінде қабылдай бастауына қандай оқиға түрткі болды?

A Чернобыль АЭС апатының салдары

B ядролық энергетиканың қолайсыздығы

C 1990 жылдары 10 жаңа АЭС-тің салынуы

D АЭС-тегі өндірістік жарақат алу оқиғалары

A ☑ B ☐ C ☐ D ☐ [1] 1б

6. Ядролық энергетиканы жабудың тиімсіздігіне дәлел болатын қатарды көрсетіңіз.

A мемлекеттердің атом электр станциясын салуын талап етуі

B химиялық түзілулер мен қалдықтардың аз мөлшерде бөлінуі

C Швецияның Дания мемлекетінен энергия көзін тасымалдауы

D АЭС құрылысы маңында халықтың орналасуына тыйым салынуы

A ☐ B ☐ C ☑ D ☐ [1] 1б

7. Ойды аяқтайтын нұсқаны көрсетіңіз.
*«Егер қазір әлемдегі барлық жұмыс істейтін атом электр станцияларын жылу станцияларымен алмастырса,...»*

A ... экологиялық қауіп азаяр еді.

B ... табиғи орта қалыпқа келер еді.

C ... баламалы қуат көздері дамитын еді.

D ... планетаға, экономикаға зиян келер еді.

A ☐ B ☐ C ☐ D ☑ [1] 1б

8. Берілген тұжырымдардың қайсысы мәтін мазмұнына сәйкес келеді?

1. Чернобыль апатына дейін АЭС-тің адамзатқа зияны аз болды.
2. Чернобыль оқиғасынан кейін әлемдегі АЭС-тер жұмысын тоқтатты.

A екеуі де дұрыс

B екеуі де бұрыс

C біріншісі дұрыс

D екіншісі дұрыс

A ☐ B ☐ C ☑ D ☐ [1] 1б

9. Ядролық қуат көзін қауіпсіз өндіру үшін қандай шарт орындалуы тиіс?

A АЭС құрылысы бағдарламасын уақытша тоқтату

B АЭС маңында тұрғындардың мекендеуін шектеу

C өндірістік жарақат алу оқиғаларын болдырмау

D АЭС-ті қолданудың орташа мерзімін белгілеу

A ☐ B ☑ C ☐ D ☐ [1] 1-б

10. Соңғы абзацта автор пікірі нені білдіреді?

A мәселенің маңыздылығын сынайды

B мәселенің шығу жолдарын көрсетеді

C мәселенің шешілуіне күмән келтіреді

D мәселенің экономикаға зиянын түсіндіреді

A ☐ B ☐ C ☐ D ☑ [1] 1-б

**[Барлығы: 10 балл]** /10балл

**2-тапсырма**

Мәтіндегі мәліметтерді қолданып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Мүмкіндігінше өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз.

*Әр сұрақтың балы [ ] тік жақшада берілген. Тіл сапасына қосымша 5 балл беріледі.*

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен таныстым. Саяси, экономикалық реформаларда еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Ол адамның құндылығы, рухани байлығы, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу секілді тәрбие мәселесіне мән бермесек, мұның біз үлкен қателік болатынын айтып отыр. Құндылыққа қатысты маңызды ойлар бір арнаға тоғысып, мәні зор бағдарламаға айналған. Елбасының руханиятқа, білімге, ғылымға мән беруі – үлкен көрегендік. Еліміздің болашағы үшін жасалып жатқан жұмысты халыққа дер кезінде жеткізе білу керек.

Болашақта Қазақстанның бет-пердесін не анықтайды? Ұлтымыздың болашақтағы келбетін анықтайтын бәсекеге қабілеттілігі саясатта, экономикада, руханиятта айқын көрінуі тиіс. Бәсеке болмаса, даму болмайды, ал бәсеке болған жерде жақсылықты үйреніп, жамандықтан жиреніп, санамызды кеңейтеміз. Бәрі санадан басталады, оны рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруымыз керек. Абай атамыздың «Адам бол» деген сөзі қазақтың ұраны іспеттес, ал Елбасымыздың мақаласы осы ғақлия сөзін жүзеге асыруға бағытталған.

Халқымыз: «Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады», – дейді. Білімі мықты болуы үшін еліміздің білім беру саласын реформалап, тағы да бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау ісі жолға қойылғаны жөн. Білім әлемдік, ал тәрбие ұлттық болуы керек. Ата-бабаларымыздың баяғыдан келе жатқан үлкен құндылықтар жүйесі жастарымыздың да санасына еніп, олар әр нәрсеге сын көзбен қарап, жақсы үрдістеріміздің бәрін бойына сіңіріп өссе, нұр үстіне нұр болар еді.

Әбдімәлік Нысанбаев

1. Қазақстанның жарқын болашағы үшін елімізде қандай жұмыстар орындалып жатыр? Ең басты **екеуін** атап көрсетіңіз.

1) „Қазақстан-2030" және „Қазақстан-2050" стратегиялардың мақсаты - бүкіл әлемдегі көшбасшы, дамыған елдер қатарына қосылу, әрі елімізді көркейту

2) Елбасының „Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласында оқырманға тәрбиелік мәні зор, құндылыққа байланысты маңызды ойлар ұйлалатын бағдарлама болып табылады. **[2]** 2б

2. Автордың ойынша, бәсекеге қабілетті елдің жастары қандай болуы керек? **Екі** шартты атаңыз.

1) „Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады" деп ата-бабамыз айтып кеткендей, жастар білімді, бәсекеге қабілетті, ғылымын өз ойын жүйелі жеткізе алатын, парасатты болу керек.

2) Рухани жағынан бай, адами құндылықтары мен тәрбиелік деңгейі жоғары, барлығын ой елегінен өткізе алатын, саралап шешім қабылдай алатын қасиеттерге ие болу керек.

2б

3. Мақалада көтерілген мәселеге байланысты автор қандай шешу жолдарын ұсынады?

Автордың пікірінше, келешек ұрпақ - жастарға көп мән беріну керек. Олардың алатын білім саласын дамытып, саналы ұрпақ өсіру - мемлекеттің [1] негізгі мақсатына айналу қажет. Соған қоса, біліммен қатар рухани дүниені де көркейтіп, ұлттық құндылықтарды жастардың бойына сіңірту - маңызды мәселе.

**[Барлығы: 5+5 =10 балл]**

1б

5 + 4 = 9б

**2-бөлім**

**Тапсырма**

«Ұлт саулығы – мемлекет болашағының негізі» тақырыбында аргументтерді сараптап, талқылай отырып, эссе жазыңыз. Сөз саны 200-250 болуы қажет.

**[20]**

Денсаулық - ең маңызды байлық. Бұл - жеке адамның да, жалпы қоғамның да негізгі қозғаушы күші.

Менің ойымша, ұлттың саулығы тікелей елдің жағдайына әсер ететіндігі ешкімге құпия емес. Себебі, әрбір мемлекеттің негізі - халқы. Денсаулығы нашар ұлттан ел пайда көретіндігі - мүмкін емес нәрсе, солай емес пе? Ал, дені сау халықпен мемлекет гүлденеді, әрдайым даму үстінде болады. Елдің кез-келген мақсаты немесе стратегиясы тек сауатты халықтың арқасында жүзеге асады.

Мысалы, еліміздегі зейнеткерлік жүйені талқылайтын болсам, зейнетке шығу жасы шамамен 58-63 жасты құрайды. Алайда, неге бұл адамдарға өз жұмыстарын жалғастырмасқа? Оның себебі - денсаулық мәселесі. Осындай жасқа келген адамдардың саулығы жүдеп, әлсірей бастайды. Басқаша айтқанда, олар жұмыс атқаруға „жарамсыз" адамдар. Осы мысал арқылы-ақ денсаулықтың қаншалықты

маңызды рөл атқаратындығына көз жеткізуге болады.

Бүкіл әлемді жаулап алған коронавирус жұқпалы ауруы да әр адамның санасына маңызды ойлар ұялатты. Барлығы өз денсаулығын күтіп, оны мүмкіндігінше жақсартуға арналған әрекеттер, мысалы, спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтану, жеке бас гигиенасын сақтау сияқты шараларды орындап, жалпы өмір сүру салтын түбегейлі дерлік өзгертті, өмірге деген көзқарастарын қайта қарастырды. Бұл – маңызы зор тәжірибе болды деп ойлаймын, себебі соңғы жылдары адамзаттың құндылықтарының орнын ақша, билік, мансап сияқты дүние басып алған болатын. Осындай қиын-қыстау кезеңде тек саулық емес, экономика саласы да үлкен зардап шекті. Өйткені халықтың денсаулығы жұмыс жасауға мүмкіндік бермеді. Бұл да – елдің негізін дені сау ұлт құрайтындығының бірден-бір дәлелі.

Сөзімді елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың 2020 жылы халыққа жолдауында айтылған сөздерімен қорытындылағым келіп отыр: „Біз бірге болсақ – бізді жеңу мүмкін емес!" (230 сөз)

231 сөз

[ 20 балл] /18б
Барлығы 37 бал
5(өте жақсы)

Жоба

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫ
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА
АРНАЛҒАН №4 ОБЛЫСТЫҚ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
«БОЛАШАҚ»
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
№ ______________
«30» мамыр 2022 ж.

Қорытынды аттестаттау
Пән: „Қазақ тілі" пәні
Бағыты: жаңартылған білім
мазмұны бойынша
жаратылыстану-математикалық
Білім беру ұйымының атауы:
№ 4 „Болашақ" ОДБММ ҚММ
Сынып: 11 Литер: г
Білім алушылардың аты-жөні:
Турсымуратова Аида

## 1-бөлім

### 1-тапсырма

1. D
2. A
3. D
4. B
5. A
6. C
7. D
8. C
9. ~~D~~ B
10. D

### 2-тапсырма

1. 1) Еліміздің жарқын болашағы үшін қабылданған бағдарлама – „Қазақстан-2030" және „Қазақстан-2050" стратегиялары. Олардың мақсаты – бүкіл әлемдегі көшбасшы, дамыған елдер қатарына қосылу әрі елімізді жан-жақты бағытта дамыту.

2) Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың „Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласы да оқырманға, көбінесе жастарға тәрбиелік

Тұрсынұратова Аида

АҚМОЛА облысының
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫ
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА
АРНАЛҒАН №4 ОБЛЫСТЫҚ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
«БОЛАШАҚ»
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
№
«30» мамыр 20 22 ж.

мәні зор, құндылықтарға байланысты маңызды ойлар ұялататын бағдарлама болып табылады.

2. 1) Ерекше қабілетті елдің жастары, „Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады" деп ата-бабамыз айтып кеткендей, ең алдымен білімді болу керек. Жан-жақты ерекше қабілетті, яғни кез-келген салада білімдері болып, әрдайым өз ойын жүйелі әрі айқын жеткізе алатын парасатты азаматтар болу керек.

2) Екіншіден, жастар рухани жағынан бай, адами құндылықтары мен тәрбиелік деңгейі жоғары, барлығын өз елегінен өткізе алатын, сараптап шешім қабылдайтын қасиеттерге ие болу керек.

3. Автордың пікірінше, еліміздің жарқын болашағы үшін келешек ұрпақ-

жастарға көп мән берілу керек. Олардың алатын білім сапасын дамытып, саналы ұрпақ өсіру - мемлекеттің негізгі мақсатына айналу қажет. Сонымен қатар, біліммен қатар рухани дүниені де көркейтіп, ұлттық құндылықтарды жастардың бойына сіңірту - маңызды нәрсе.

2-бөлім
Тапсырма

Ұлт саулығы - мемлекет болашағының негізі
Денсаулық - ең маңызды байлық. Бұл - жеке адамның да, жалпы қоғамның да негізгі қозғаушы күші.

Менің ойымша, ұлттың саулығы тікелей елдің жағдайына әсер ететіндігі еш-кімге құпия емес. Себебі, әрбір мемлекеттің негізі - халық. Денсаулығы нашар ұлттан ел пайда көретіндігі - мүмкін емес нәрсе, солай емес пе? Ал дені сау халықпен мемлекет көркейеді, әрдайым даму үстінде болады. Елдің кез-келген мақсаты немесе стратегиясы тек са-

Турсынмуратова Аида

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫ,
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА
АРНАЛҒАН №4 ОБЛЫСТЫҚ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
«БОЛАШАҚ»
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
№ ____________
«10» мамыр 2022 ж.

сауатты халықтың арқасында жүзеге асады. Мысалы, еліміздегі зейнеткерлік жүйені талқылайтын болсақ, зейнетке шығу жасы шамамен 58-63 жас аралығын құрайды. Алайда неге бұл адамдарға өз жұмысын жалғастырмасқа? Оның себебі - денсаулық мәселесі. Бұл жасқа келген адамдардың денсаулығы әлсірей бастайды. Басқаша айтқанда, олар жұмыс атқаруға „жарамсыз" адамдар. Осы мысал арқылы-ақ денсаулықтың маңыздылығына көз жеткізуге болады.

Бүкіл әлемді жаулап алған коронавирус ауруы да әр адамның санасына маңызды ойлар ұялатты. Барлығы өз денсаулығын күтіп, спортпен айналысып, дұрыс тамақтану сияқты шараларды қолдап, жалпы өмір сүру салтын түбегейлі дерлік өзгертті. Осындай

қиын-қыстау кезінде тек саулық қана емес, экономика саласы да үлкен зардап шекті. Діткен халықтың денсаулығы жүйесі жасауға мүмкіндік бермеді. Тіл да - елдің негізі дені сау ұлт құрайтындығының бірден бір жолы.

(230 сөз) Сөзімді Елбасының Н.Ә. Назарбаевтың 2020 жылғы халыққа жолдауында айтылған сөздерімен қорытындылағым келіп отыр: „Біз бірге болсақ - бізді жеңу мүмкін емес!".

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Шығ. №

## Тексеру парағы

| | |
|---|---|
| Оқушының аты – жөні | Әлібек Арғын |
| Аудан (қала), мектеп | Степногорск қаласы<br>№4 „Болашақ" ОЖБМ ММ КММ |
| Эссе тақырыбы, эссеедегі сөздер саны | „Ұлт саулығы - мемлекет болашағының кепілі" |
| Баллы | 37 балл |
| Бағалары (жазбаша жазу) | 5 (өте жақсы) |
| Тексеруші мұғалімнің аты-жөні | Жабыдлинова Баян Жаровна |

Мөрдің орны

**Қорытынды аттестаттау емтихан материалдары**
**Пән:** «Қазақ тілі» пәні (оқыту қазақ тілінде)
**Бағыты:** жаңартылған білім мазмұны бойынша жаратылыстану-математикалық
**Білім беру ұйымының атауы:** №4 „Болашақ" ОББМ КММ
**Сынып:** 11 **Литер:** Ә
**Білім алушылардың аты жөні** Әлібек Арғын

**1-бөлім**

**1-тапсырма**

Әр сұраққа төрт: **A, B, C** және **D** жауабы берілген. Дұрыс деген **бір** жауапты таңдап, тиісті ұяшыққа қанатша (✓) белгісін қойыңыз.

**Мәтін үзіндісін оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Ядролық энергетика қазіргі уақытта ең перспективті жоба деп қарастырылады. Адамзаттың XXI ғасырдағы тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде және энергетикалық сұраныстарды қанағаттандыруда ядролық энергетика айтарлықтай үлес қосуы тиіс. АЭС-ті салудың бір артықшылығы – олардың орнын ресурс алынатын орынға қарай тәуелсіз таңдауға болады, себебі отын мөлшері аз болғандықтан, тасымалдау көп шығынға әкелмейді. Мөлшері жағынан 0,55 кг ядролық отыннан алған энергия 1000 тонна тас көмірді жаққандағы энергияны беретінін ескерсек те жеткілікті.

Көптеген елдердің көпжылдық тәжірибесі АЭС-ті қолдануда олардың қоршаған ортаға кері әсері көп болмайтынын көрсетеді. 1998 жылдары АЭС-ті қолдану мерзімі орташа жиырма жыл деп есептелген. Қалыпты жұмыс істейтін АЭС-тің қоршаған ортаға бөлінетін радиоактивті элементтер қалдығы өте аз болады. Қуаты дәл сондай ЖЭС-пен салыстырғанда, олардың мөлшері орта есеппен 2-4 есе аз. Чернобыль апатына дейін сол кездегі Кеңес Одағында тек АЭС-те ғана өндірістік жарақат алу дәрежесі төмен болған. Отыз жыл аралығында болған апаттарда 17 адам қаза тапқан, олардың қазасына радиация себеп болмаған. Ал 1986 жылдан кейін ең басты экологиялық қауіп АЭС-те болатын апат мүмкіндігімен байланыстырылды. Қазіргі АЭС-те мұндай қауіптің болу мүмкіндігі аз, бірақ сонда да оны үзілді-кесілді болмайды деу қиын.

Чернобыль АЭС апатының салдары 20 мемлекеттің территориясын қамтыған, радиусы 2 мың км-ден артық территория радиореактивті ластануға ұшырады. Бұрынғы Кеңес Одағы шекарасындағы 17 млн адам өмір сүретін 11 аймақ зардап шекті. Осы апаттан кейін көптеген мемлекеттерде жұртшылықтың талабы бойынша АЭС құрылысының бағдарламасы уақытша тоқтатылды, бірақ атомдық энергетиканың дамуы әлі де 32 елде жалғасуда.

Қазір ядролық энергетиканың тиімділігі мен тиімсіздігі туралы талас бәсеңдеді. Көміртегінің қос тотығы мен басқа да органикалық отын секілді жану өнімдерінің атмосфераны ластауына жол беруге болмайтынын әлем түсінді. Бұл қорытынды мына фактілерге негізделген: АЭС-тен энергия алу жылу электр станцияларында органикалық отын мөлшерін төмендетеді, соның нәтижесінде Жер атмосферасын 2300 млн тонна көмірдің қос тотығының, 80 млн тонна күкірт диоксиді мен 35 млн тонна азот оксидтерінің жылдық қалдықтарынан қорғайды. Мұндай қауіпті заттарды атмосферадан бөлу және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін болмас еді. Оған нақты мысал келтірсек, Швецияда Барсебек-1 атом станциясының жабылуынан Швеция соңғы 30 жылда электр энергиясын Даниядан тасымалдады. Оның экологиялық салдары мынадай: Данияның көмір электр станцияларында Ресей мен Польшадан қосымша алынған 350 мың тонна көмір жағылғандықтан, көмірдің қос тотығының жылына 4 млн тоннаға өсуіне

әкелді және Швецияның оңтүстік бөлігінде қышқыл жауын мөлшері біршама артып, табиғатқа зиянын тигізді.

Қазір әлемдегі барлық жұмыс істейтін АЭС-ті ЖЭС-пен алмастырса, онда әлемдік экономикаға, бүкіл планетамызға және әрбір жеке адамға орны толмас залал келтірер еді.

1. Мәтін не туралы?

A Атом электр станцияларының құрылысын салатын жерді таңдау туралы.

B Чернобыль апаты салдарынан зардап шеккен мемлекеттердің саны туралы.

C Жылу электр станциясынан бөлінетін қалдықтардың мөлшерінің аздығы туралы.

D Атом электр станциясының жылу электр станциясынан пайдалы екендігі туралы.

A ☐ B ☐ C ☐ D ☑ [1] +1

2. АЭС құрылысын салудың артықшылығы туралы баяндалған абзацты көрсетіңіз.

A бірінші

B екінші

C үшінші

D төртінші

A ☑ B ☐ C ☐ D ☐ [1] +1

3. Экологиялық қауіптің ЖЭС-пен байланыстылығы туралы айтылған абзацты табыңыз.

A бірінші

B екінші

C үшінші

D төртінші

A ☐ B ☑ C ☐ D ☐ [1] –

4. Үшінші абзацтағы Чернобыль апатына қатысты ақпараттың мақсаты қандай?

A атом электр станциялары жұмысының қауіптілігін жариялау

B атом электр станцияларынан болатын апат салдарын көрсету

C жылу электр станцияларының салыстырмалы әсерін талдау

D ядролық қуат көзінің тиімділігіне сенімнің артуын анықтау

A ☐ B ☑ C ☐ D ☐ [1] +1

5. Адамзаттың ядролық қуат көзін экологиялық қауіп ретінде қабылдай бастауына қандай оқиға түрткі болды?

A Чернобыль АЭС апатының салдары

B ядролық энергетиканың қолайсыздығы

C 1990 жылдары 10 жаңа АЭС-тің салынуы

D АЭС-тегі өндірістік жарақат алу оқиғалары

A ☑ B ☐ C ☐ D ☐ [1] +1

6. Ядролық энергетиканы жабудың тиімсіздігіне дәлел болатын қатарды көрсетіңіз.

A мемлекеттердің атом электр станциясын салуын талап етуі

B химиялық түзілулер мен қалдықтардың аз мөлшерде бөлінуі

C Швецияның Дания мемлекетінен энергия көзін тасымалдауы

D АЭС құрылысы маңында халықтың орналасуына тыйым салынуы

A ☐ B ☐ C ☑ D ☐ [1] +1

7. Ойды аяқтайтын нұсқаны көрсетіңіз.
*«Егер қазір әлемдегі барлық жұмыс істейтін атом электр станцияларын жылу станцияларымен алмастырса,...»*

A ... экологиялық қауіп азаяр еді.

B ... табиғи орта қалыпқа келер еді.

C ... баламалы қуат көздері дамитын еді.

D ... планетаға, экономикаға зиян келер еді.

A ☐ B ☐ C ☐ D ☑ [1] +1

8. Берілген тұжырымдардың қайсысы мәтін мазмұнына сәйкес келеді?

1. Чернобыль апатына дейін АЭС-тің адамзатқа зияны аз болды.
2. Чернобыль оқиғасынан кейін әлемдегі АЭС-тер жұмысын тоқтатты.

A екеуі де дұрыс

B екеуі де бұрыс

C біріншісі дұрыс

D екіншісі дұрыс

A ☐ B ☐ C ☑ D ☐ [1] +1

9. Ядролық қуат көзін қауіпсіз өндіру үшін қандай шарт орындалуы тиіс?

**A** АЭС құрылысы бағдарламасын уақытша тоқтату

**B** АЭС маңында тұрғындардың мекендеуін шектеу

**C** өндірістік жарақат алу оқиғаларын болдырмау

**D** АЭС-ті қолданудың орташа мерзімін белгілеу

**A** ☐ **B** ☑ **C** ☐ **D** ☐ [1] +1

10. Соңғы абзацта автор пікірі нені білдіреді?

**A** мәселенің маңыздылығын сынайды

**B** мәселенің шығу жолдарын көрсетеді

**C** мәселенің шешілуіне күмән келтіреді

**D** мәселенің экономикаға зиянын түсіндіреді

**A** ☐ **B** ☐ **C** ☐ **D** ☑ [1] +1

**[Барлығы: 10 балл]**

9 балл

**2-тапсырма**

Мәтіндегі мәліметтерді қолданып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Мүмкіндігінше өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз.

*Әр сұрақтың балы* [ ] тік *жақшада берілген. Тіл сапасына қосымша 5 балл беріледі.*

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен таныстым. Саяси, экономикалық реформаларда еліміз біркатар жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Ол адамның құндылығы, рухани байлығы, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу секілді тәрбие мәселесіне мән бермесек, мұның үлкен қателік болатынын айтып отыр. Құндылыққа қатысты маңызды ойлар бір арнаға тоғысып, мәні зор бағдарламаға айналған. Елбасының руханиятқа, білімге, ғылымға мән беруі – үлкен көрегендік. Еліміздің болашағы үшін жасалып жатқан жұмысты халыққа дер кезінде жеткізе білу керек.

Болашақта Қазақстанның бет-пердесін не анықтайды? Ұлтымыздың болашақтағы келбетін анықтайтын бәсекеге қабілеттілігі саясатта, экономикада, руханиятта айқын көрінуі тиіс. Бәсеке болмаса, даму болмайды, ал бәсеке болған жерде жақсылықты үйреніп, жамандықтан жиреніп, санамызды кеңейтеміз. Бәрі санадан басталады, оны рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруымыз керек. Абай атамыздың «Адам бол» деген сөзі қазақтың ұраны іспеттес, ал Елбасымыздың мақаласы осы ғақлия сөзін жүзеге асыруға бағытталған.

Халқымыз: «Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады», – дейді. Білімі мықты болуы үшін еліміздің білім беру саласын реформалап, тағы да бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау ісі жолға қойылғаны жөн. Білім әлемдік, ал тәрбие ұлттық болуы керек. Ата-бабаларымыздың баяғыдан келе жатқан үлкен құндылықтар жүйесі жастарымыздың да санасына еніп, олар әр нәрсеге сын көзбен қарап, жақсы үрдістеріміздің бәрін бойына сіңіріп өссе, нұр үстіне нұр болар еді.

Әбдімәлік Нысанбаев

**1.** Қазақстанның жарқын болашағы үшін елімізде қандай жұмыстар орындалып жатыр? Ең басты **екеуін** атап көрсетіңіз.

1) Елбасымыз еліміздің болашағы үшін саяси, экономикалық, қоғамның жетілдіруіне байланысты реформалар арқасында жақсы нәтижелерге ие болғаны.

2) Н. Назарбаев көбінесе руханиятқа, білімге, ғылымға мән беру отырып, болашағымыз келе жатқан ұрпақтың қолында екендігін халыққа жеткізуіне күш салып отыр. [2] +2

**2.** Автордың ойынша, бәсекеге қабілетті елдің жастары қандай болуы керек? **Екі** шартты атаңыз.

1) Автордың ойынша, біріншіден, жастардың бәсекеге қабілетті болу үшін білімі әлемдік деңгейде жетілген болуы үшін қажет, ең уақытта оқудан жалықпауы тиіс.

2) Екіншіден, бәсекеге қабілетті жастар саясатта, экономикада және руханиятта ойын көрсетуі тиіс. Халықты рухани жағынан кеңейтіп, патриоттық сезімдерін жетілдіру қажет. **[2]** +2

**3.** Мақалада көтерілген мәселеге байланысты автор қандай шешу жолдарын ұсынады?

Автордың ойынша, еліміздің болашағы үшін білім беру саласын реформалап, бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау ісі дұрыс жолға қойылуы қажет. [1] +1

**[Барлығы: 5+5 =10 балл]**

10 балл

**2-бөлім**

**Тапсырма**

«Ұлт саулығы – мемлекет болашағының негізі» тақырыбында аргументтерді сараптап, талқылай отырып, эссе жазыңыз. Сөз саны 200-250 болуы қажет.

[20]

Адам тірі кезінде қадірін білмейтін екі асыл құндылық бар. Оның бірі уақыт болса, екіншісі - денсаулық.

Расында да, көбіміз денсаулықтың қадіріне ауырып қалғанда ғана жететініміз анық. Денсаулық - табиғаттың адамзатқа тарту еткен ең асыл сыйы. Денсаулық - бұл адамның еңбекке белсенді болуы, әрі ұзақ өмір сүруі, тәнің саулығын және рухани саулығын сезіну. Онсыз өмірді еркін-еркін сүре алмайсың. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш-жігерді, не еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек.

Денсаулығын сыр берген адам қоршаған ортаның керемет тылсымдарын көре алмайды. „Тірі адам түбінде бір ауырмай тұрмайды" деп айтқан Баламаның сөзі рас сияқты. Себебі, бүгінгі күнде аурудың түрлері өте көп. Ал қазіргі кездегі жастардың басым бөлігі денсаулыққа назар аудармайды. Жастар арасында кеңінен белең алған шылым, ішімдік және тағы да басқа зиянды заттар денсаулықтың қас жауы.

Қандай да болмасын, олар адам өмірін қысқартып жібереті сөзсіз.

Сонымен қатар, бірнеше айлар немесе жылдар бойы дәрігерлерден көмек алмай, ұзақ уақыт бойы жүріп

қалатындары да бар. Бір тері сырқаттанған жағдайда үйден дәрі-дәрмек ішіп, оңай жазылуға тырысады. Алайда мұның барлығы аурудың асқынуына әкелуі әбден мүмкін. «Ауруын жасырған өледі» - демекші аурудың дер кезінде емін жасаған жөн. Қазіргі таңда мемлекетіміздің медициналық әл-ауқаты бұрынғыға қарағанда әлдеқайда дамыған.

Қазіргі өркениеттің негізі - дені сау және рухани дамыған адам. Басқа жағынан қарағанда, дені сау ұлт мықты мемлекеттің нағыз белгісі болып табылады.

Ойымды қорытындылай келе, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, дені сау ұрпақ - ел болашағы екені сөзсіз. Тәуелсіз Қазақстанның келер келешегі шыңыңқан, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын ұстанған ұрпаққа байланысты. Кез-келген мемлекеттің басты байлығы - адам және оның денсаулығы.

(250)

250 сөз 18 балл

Жалпы: 37 балл

5 (өте жақсы)

[ 20 балл]

черновик

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫ,
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА
АРНАЛҒАН №4 ОБЛЫСТЫҚ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
«БОЛАШАҚ»
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
№ ______
«20» 05 2022 ж

Қорытынды аттестаттау

Пән: „Қазақ тілі" пәні (оқыту қазақ тілінде)

Бағыты: жаңартылған білім мазмұны бойынша жаратылыстану-математикалық

Білім беру ұйымының атауы: №4 „Болашақ" ОДБММИ КММ

Сынып: 11 литер: Э

Білім алушының аты-жөні: Әлібек Арзын

1 - бөлім

1 - тапсырма

1) D

2) A

3) B

4) B

5) A

6) C

7) D

8) C

9) ~~D~~ B

10) D

1 - тапсырма

1. Елбасымыз еліміздің болашағы үшін саяси, экономикалық, қоғамның жетілдіруіне байланысты реформалар арқасында жақсы нәтижелерге ие болды.

2) Нурсултан Назарбаев көбінесе руханиятқа, білімге, ғылымға мән бере отырып, болашағымыз келе жатқан ұрпақтың қолында екендігін халыққа жеткізуіне (қол) күш салып отыр.

2. 1) Автордың ойынша, біріншіден, жастардың бәсекеге қабілетті болу үшін білімі әлемдік

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫ,
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА
АРНАЛҒАН №4 ОБЛЫСТЫҚ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
«БОЛАШАҚ»
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
№ ___
«30» 05 2022 ж.

деңгейде жетілгені қажет.

2) Екіншіден, бәсекеге қабілетті жастар саясатта, экономикада және руханиятта айқын көрінуі тиіс

3. Автордың ойынша, еліміздің болашағы үшін білім беру саласын реформалап, бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау ісі жолға қойылғаны.

2-бөлім

„Ұлт саулығы - мемлекет болашағының негізі"

Адам тірі кезінде қадірін білмейтін екі асыл құндылық бар. Оның бірі уақыт болса, екіншісі - денсаулық.

Расында да, көбіміз денсаулықтың қадіріне ауырып, қиналғанда ғана жететініміз анық. Денсаулық - табиғаттың адамзатқа тарту еткен ең асыл сыйы. Денсаулық - бұл адамның еңбекке белсенді болуы, әрі ұзақ өмір сүруі, тәннің саулығын және рухани саулықты сезіну. Онсыз өмірді емін-еркін сүре алмайсың. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күштерді, не еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай

тұрмау керек.

Денсаулығы сау берген адам қоршаған ортаның керемет тылсымдарын күте алмайды. „Тірі адам түбінде бір ауырмай тұрмайды" деп айтқан бабалардың сөзі рас сияқты. Себебі, бүгінгі күнде аурудың түрлері өте көп. Ал қазіргі кезде жастардың басым бөлігі денсаулығына назар аудармайды. Жастар арасында кеңінен белең алған шылым, ішімдік және тағы да басқа зиянды заттар денсаулықтың қас жауы. Қандай да болмасын, олар адам өмірін қысқартып жіберетіні сөзсіз.

Сонымен қатар бірнеше айлар немесе жылдар бойы дәрігерлерден көмек алмай, ұзақ уақыт бойы жүріп қалатындары да бар. Бір жері сырқаттанған жағдайда үйден дәрі-дәрмек ішіп, оңай жазылуға тырысады. Алайда мұның бәрі аурудың асқынуына алып келуі әбден мүмкін. „Ауруын жасырған өледі", - демекші аурудың дер кезінде емін жасаған жөн. Қазіргі таңда мемлекетіміздің медициналық әл-ауқаты бұрынғыға қарағанда әлдеқайда дамыған.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫ
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА
АРНАЛҒАН №4 ОБЛЫСТЫҚ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
«БОЛАШАҚ»
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
№ ___
«30» 04 20 22 ж.

Қазіргі өркениеттің негізі - дені сау және рухани дамыған адам. Басқа жағынан қарағанда, дені сау ұлт мықты мемлекеттің маңыз белгісі болып табылады.

Ойымды қорытындылай келе, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, дені сау ұрпақ - ел болашағы екені сөзсіз. Тәуелсіз Қазақстанның кемел келешегі шыныққан, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын ұстанған ұрпаққа байланысты. Кез-келген мемлекеттің басты байлығы - адам және оның денсаулығы.